



НӘРЕСТЕЛЕРДІҢ ІРІҢДІ ҚАБЫНУ АУРУЛАРЫ ЕМІ

- Нәрестелердің жергілікті инфекциялық ауруларына кіндік (катаральді омфалит, флегмонозды, некротикалы), тері (везикулопустулез, пемфигус, псевдофурункулез, тілме қабынуы, аралас түрлері), май қыртыстарының зақымдары (флегмоны, абсцессы, панарации, паранихи), безді мүшелер зақымдануы (мастит), сүйек зақымдануы (остеомиелит) т. б. мүшелердің зақымдануы (отит, конъюнктивит, дакриоцистит) жатады.



- Жергілікті іріңді-инфекциялық ауруларының даму факторлары:
санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимді перезентханада және үй жағдайында бұзу
- жүкті әйелдердің жедел инфекциялық аурулары мен созылмалы инфекциялық ошақтарының үдей түсуі.
- жүкті әйелдердің кеш токсикозы және анемиясы, жүктіліктің түсу қаупі.
- қағанак суының ерте ағуы, сусыздық кезеңнің 12 сағаттан артық болуы.
- туу процессінің 24 сағаттан артық созылуы
- әйелдердің босанғанан кейін кезіндегі инфекциялық патологияның және қабынудың асқынуы
- жатырішілік гипоксия және асфиксия, шала туғандық, ұрықтың гипотрофиясы, туа біткен аномалия
- емшекке кеш салу.
-



Пиодермия

- Терінің іріңді аурулары немесе пиодермиттер нәрестелерде тері ауруларының 25-60% құрайды. Барлық дерматоздардың ішінде бірінші орында. Пиодермиттер грек тілінен аударғанда ірің деген мағынаны білдіреді. Пиодермия (терінің іріңді ауруы)- тері аурулары тобы, іріңді микроорганизммен шақырылады, ең негізгісі стафилококк пен стрептококктар, қалғандары сирегірек (псевдомонозды инфекция және т.б.) шақырылады.







ПИОДЕРМИЯ ЕМІ

Пиодермияның элементтерін бриллиантты жасыл ерітіндісімен не 5%-ті марганец ерітіндісімен күйдіреді. Терінің сау жерлерін 70%-ті спиртпен не 1%-ті левомецитин спиртімен, 1%-ті норсульфазол спиртімен күніне 2 рет өндейді. Жалпы жағдайын ескере отырып антибиотиктер тағайындайды.







 Yamanouchi

Вильпрафен®

Джозамицин

10 таблеток,
покрытых оболочкой, 500 мг

для приема внутрь






ЛИМФА БЕЗДЕРІНІҢ ҚАБЫНУЫ

- Лимфа бездерінің қабынуы нәрестелермен сәбилерде жиі кездеседі. Аурудың қоздырғыштары стафилакокк, стрептакокк және басқа да іріңді микробтар. Бұл қоздырғыштар көбінесе әр түрлі сырқаттардан кейін лимфа безіне қан не лимфа тамырлары арқылы түседі. Көбінесе жақ асты, мойын аймағының лимфа бездері жиі қабынады.





Шейные
лимфатические
узлы






ЛИМФАДЕНИТ ЕМІ



- Лимфадениттен сауығу үшін йодты, фурацилинді таңбалар бездің түйіндеріне жағып, таза бинтпен байлау қажет. Бірақ уқаламау керек. Мойнын жылы ұстауы керек. Антибиотиктер, физиотерапия қолданылады.
- Лимфа безінің іріндеген сатысында оталық ем жүргізіледі. Ол үшін қысқа уақытқа наркоз беріледі. Іріндеген лимфаденитті 2-3см тері тілігімен жарып, іріңін шығарып тазалап,резеңке тілім қалдырады.







Воспаленный
лимфоузел

Нормальный
лимфоузел



СІЛЕКЕЙ БЕЗІНІҢ ҚАБЫНУЫ



КІНДІКТІҢ ҚАБЫНУЫ

- Нәрестенің кіндігі мен кіндік маңайындағы тіндерінің қабынуы омфалит деп аталады.
- ***Катаральды омфалитте*** кіндік сақинасы қызарып, оның айналасындағы теріні қан кернеген, ісінген, серозды сұйықтық бөлінеді.
- ***Флегманозды омфалитте*** қабыну процесі тереңдейді, баланың жалпы жағдайы ауырлайды, кіндік жарасының айналасынан басқанда ірің шығуы мүмкін.







ОМФАЛИТ ЕМІ

- Омфалиттің формасына және жергілікті процесстің тарауына, баланың жалпы жағдайына байланысты. Қарапайым түрін көп жағдайда жергілікті ем ретінде өткізіледі. Сулы кіндік кезінде су асқын тұтығы ерітіндісімен, 5% перманганат калий ерітіндісімен тазаланады. Флегмонозды омфалит кезінде сепсис даму қаупі болғандықтан комплексті ем қолданылады. Жергілікті ем ретінде димексид ерітіндісімен байлау жасалады. Абсцесс дамығанда хирургиялық ем жүргізіледі. Жергілікті маздармен таңба жасалады (левосин, левомеколь т.б). Егер балада кіндік кальцинозы анықталған болса- кюреткамен конкрементті қырып алып, соңынан антисептикпен тазаланады. Некротикалық омфалитте жалпы еммен қатар хирургиялық ем қолданылады.



- Жаңа туған нәрестелерде өмірінің алғашқы 3-5 күнінде, сирек 10-15 күнінде **пемфигус (пузырчатка)** дамиды. Ішінде, қол-аяқтары терісінде үлкендігі әр түрлі, айналасы қызарған күлдіректер пайда болады. Ішіндегі сұйық алғашқыда түссіз, кейін бұлыңғырланады. Күлдіріктер жарылып, олардың эрозиялы беті ашылып, кейде қанталап тұрады. Бөртпелердің шығуы әр кезде әртүрлі. Пемфигуста табан мен алақанда ешқашан күлдірек болмайды. Майда күлдіріктердің қабығы тартылып тұрады, ірілерінікі — жұқа, тез жарылып, тез жазылатын қызылдақтар қалдырады. Күлдірек жарылғанда, одан жұқпалы (инфицированный) сұйық ағады. Инфекция қанмен тарауы мүмкін.



- Емі пустул, көпіршіктерді жергілікті емдеуден басталады, абсцесс, флегмона, іріңді мастит ауруларында тез арада іріңді жарып алу керек. Іріңді алғанан кейін эрозиялық ашық жерлерді сулы және спиртті антисептик ерітінділерімен (фурацилин, хлорофиллипт, 1% бриллиант жасылы ерітіндісімен, 2% калий перманганат ерітіндісімен, 2-5% левомицетин спирт), лизоцим, гелий-неонді лазері, УФО, емдік шөп ванналарымен (емен қабығы, түймедақ) өңдейді. Везикулопустулезде чистотел қосқан суға бір шомылдыру жеткілікті, жалпы УФО беріледі, бөртпелерге 1-2%-ті анилин бояуларының ерітіндісін не бриллиантты жасыл ерітіндісін жағады. Пузырчатка кезінде баланы әбден айығып кеткенше шомылдырмайды!







- ▣ **Склерема** — тері мен тері асты клетчаткасының тығыздалуы, тек әлсіреген, шала туған нәрестелерде, қатты ашыққанда, ми зақымданғанда сәбилерде болады. Теріні қыртысқа жиналмайды, басқанда із қалмайды. Аяқ-қолдың қимылы күрт шектеледі, беті маска киген сияқты. Ұма қабында, табанында, алақанында тығыздалу болмайды. Дене қызуы төмендеген (35-36 градус). Аяғы нашар, патогенезі анықталмаған.



- ▣ **Емдеу.** Тиянақты, бірақ ешпен жылыту, нәрестені кувезге орналастырып, онда тиімді жылылық жасау не грелка қою, ыстық ванна жасау, жүрек препараттарын тағайындау, гормондар (преднизолон 1-1,5 мг/кг, гидрокортизон 5 мг/кг), камфора не басқа маймен сылау, қан гемотрансфузиясы, Е витамині тәулігіне 50 мг, зақымданған жерлерге йод ерітіндісін жағады (йодты торлап жағу), күніне 2 рет, тамырға плазма енгізу, глобулин егу, дұрыс күтіп, дұрыс емізу. Фонында склередема болған негізгі ауруды емдеу.

